

Д.О.Сатыбалдиеваның 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Жобалар портфелін басқаруда көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесін әзірлеу әдістерін жетілдіру» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Дәстүрлі түрде жобаларды басқару компанияның тиімділігін өлшейтін тактикалық шараларға назар аударылған. Дегенмен, жақсы жоба тек тактикалық артықшылықты ғана емес, сонымен бірге стратегиялық маңыздылықты да көрсетуі керек.

Ондаған жылдар бойы компания басшылары тек өз стратегиясын әзірлеу және оны хабарлау сияқты әрекет етті, ал оны іске асыру бойынша жұмыстар жасаған жоқ. Қызметкерлердің топ-менеджерлерге қоятын сұрақтарының саны өте көп болғандықтан, олардың әрқайсысы бойынша шешім қабылдау қажет. Сол себепті, стратегиялық мақсаттар назардан тыс қалып отырады. Дәл қазіргі мезгілде компанияның бизнес-үдерістерін басқаруда заманауи технологияларды енгізу маңызды болып табылады, осындай басқару технологияларының бірі «көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесі» немесе «теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі» (ТКЖ) болып табылады. Біздің еліміздегі он шақты ірі компаниялары мен холдингтері ТКЖ-ны пайдалануда: «Самұрық», «Қазақстан темір жолы», «Қазақтелеком», «Қостанай минералдары» сияқты және т.б.компаниялары. Стратегиялық менеджмент аумағындағы және көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесіндегі (ТКЖ) зерттеулер бойынша ғылыми еңбектердің баршылығына қарамастан, бұл бағыт біздің елімізде өз деңгейінде емес. Санға негізделген менеджмент Қазақстанда бүгінде аса танымал емес.

Бұл жүйенің мәні мынада: кез келген басқару шешімдері, ең алдымен, нақты көрсеткіштер негізінде қабылданады. Бірақ мұндай көрсеткіштер ретінде нені таңдау керек? ТКЖ тәжірибесімен айналысатын компаниялардың көпшілігі классикалық тиімділік көрсеткіштерін пайдаланады. Ал докторант жұмысының жаңалығы стратегиялық мақсаттарды өлшеудің тиімді көрсеткіштерін таңдау (сұрыптау) үшін Т.Саатидің иерархиялық талдау әдісіне және нақты емес иерархиялық талдау әдісіне негізделген кешенді әдісті қолдануды ұсынады.

Зерттеуші төрт перспектива атап айтқанда, қаржы, клиенттер, бизнес-процестер, оқыту және дамыту бойынша бірнеше көрсеткіштерді бөліп көрсетті (таңдады). Автордың пікірінше осылайша, менеджерлер компаниядағы барлық сандық параметрлерге және фактілерге назар аудармайды, тек, компания дамуының нақты бейнесін, артықшылық пен кемшілігін көрсете алатын, сонымен қатар шынайы және жоспарлы көрсеткіштерге салыстырмалы талдау жасай алатын болады.

Бұл айтылғандар ғылыми әдіске негізделген және қазіргі замандағы қазақстанның жағдайларын ескеретін стратегиялық менеджмент жүйесін құру бойынша маңызды ұсыныстарды жасаудың қажеттілігін көрсетеді.

Демек, көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесіне негізделген компаниядағы жобалар портфелін басқарудың кешенді теориялық және тәжірибелік мәселелерін ғылыми негіздеу мен зерттеу аса маңызды, ал бұл өз кезегінде ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу аймағындағы ғылыми бағыттың өзектілігін білдіреді.

Диссертация кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, қосымшалардан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыста Д.О.Сатыбалдиевамен ұсынылған болжамдар ғылыми тұрғыдан және сараптамалық зерттеулермен расталған.

Д.О.Сатыбалдиеваның диссертациялық жұмысының бірінші тарауында ТКЖ-ның шетелдік компанияларда қалыптастырудың теориялық негіздеріне арналған. Автор шетелдік еңбектерге жан-жақты және терең талдаулар жасап, зерттеу аймағы бойынша шешім қабылдаудың көпкритериалды әдістерін айқындаған. Ол әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдаған және бұл әдістердің ТКЖ-мен біріктірілуі бойынша экономиканың әртүрлі салаларында қолданылу бойынша зерттеулерін қарастырған. ТКЖ анықтамасының авторлық тұжырымдамасын ұсынған. ТКЖ-ның жобалар портфелін басқарудағы орнын айқындаған.

Екінші тарауда зерттеуші «ЭйрАстана» әуекомпаниясының өндірістік және қаржылық көрсеткіштер талдауларының нәтижелерін келтірген, әуекомпания үшін ТКЖ-ны құрудың алгоритмін ұсынды, портфельге енетін стратегиялық мақсаттарды таңдауда сараптамалық бағалау әдісін қолданды. Ол әдіс негізінде стратегиялық мақсаттар маңыздылығына қарай вариация коэффициенті арқылы ранжирленді, сарапшылар келісімділігі Кэнделл коэффициентімен дәлелденілді. Осылайша 24 стратегиялық мақсаттан 15 маңызды стратегиялық мақсаттар іріктеп алынды. ТКЖ перспективаларының атауларына өзгеріс енгізді. Компанияның стратегиялық картасын жасап, ұсынды.

Диссертациялық зерттеудің үшінші бөлімінде докторант компанияның жобалар портфелін басқаруда ТКЖ-ны құруды жетілдіру бойынша ғылыми-тәжірибелік әдістерді айқындаған. Компания іс-әрекеттерінің ең тиімді көрсеткіштерін сұрыптау үшін кешенді әдісін әзірлеп ұсынды. Кешенді әдісі шешім қабылдаудың көпкритериалды әдістеріне жататын Т.Саати ұсынған аналитикалық иерархиялық үдеріс әдісі мен нақты емес аналитикалық иерархиялық үдеріс әдістердің жиынтығынан тұрды. Зерттеуші Т.Саати ұсынған әдістің кемшіліктеріне тоқталып, ол кемшіліктерді жою мақсатында қайта-қайта матрица құрмас үшін, нақты емес жиындар теориясына жүгінді, яғни сарапшылар нақты емес матрица құру үшін Чангтың триангулярлы сандарды қолдана отырып, жұптық салыстырулар жүргізілді. Содан кейін әр көрсеткіштің (перспективаның) салмақтарын табу үшін деффазификация және фаззификация әдістерін пайдаланды. Осылай нақты емес сандар қайтадан нақты сандарға түрлендіріп, көрсеткіштердің соңғы салмақтары анықталды. Сол есептеудің нәтижесінде 36 көрсеткіштен 22 тиімді (маңызды) көрсеткіштер сұрыпталып алынды. Ары қарай осы таңдалынған көрсеткіштер арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау үшін корреляциялық талдау әдісін пайдаланды. Бұл байланыстардың бір-бірімен тік және горизонтальды байланыстарының күшті,

әлсіз екендерін анықтап, оны график түрінде ұсынды. Сұрыптап алынған көрсеткіштерді бақылау көрсеткіштері деп атап, оларды бақылап отыру үшін «Мониторинг панелі» деп аталатын компания басшыларына арналған құжат ұсынылды. Ол құжатта әр көрсеткіштің салмақтары көрсетілген, оның жоспарлы, мақсаттық мәндері берілді, оған жауапты адамдар айқындалды, сондай-ақ көрсеткіштің салыстырмалы, абсолютті ауытқулары келтірілді. Бұл құжат ұсыну себебі компания менеджерлері тек маңызды, критикалық көрсеткіштердің шектеулі санына ғана назар аударуға мәжбүр болады.

Диссертациялық жұмыстың қорытындысында зерттеудің негізгі нәтижелері тұжырымдалды.

Д.О.Сатыбалдиеваның диссертациялық жұмысы ішкі логикалық тұтастығы мен тәжірибелік маңыздылығы бар аяқталған, өзіндік ғылыми зерттеу болып табылады.

Диссертация тақырыбы бойынша автордың 9 ғылыми жұмысы жарияланған. Докторанттың диссертациялық жұмысындағы негізгі нәтижелер мен ережелер кең ауқымды апробациядан өткен және ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім мен ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған баспаларында 3 мақала, SCOPUS компаниясының базасына енетін халықаралық баспаларында 2 мақала, сонымен қатар халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдар жинақтарында 4 мақала жарияланған.

Ұсынылып отырған Д.О.Сатыбалдиеваның диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмыс мазмұны бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім мен ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті талаптарына сәйкес.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Д.О.Сатыбалдиева ғылыми әдебиеттерді меңгерудегі сауаттылығының, ғылымға деген құштарлығы мен еңбек сүйгіштігінің арқасында алдына қойған барлық міндеттерді орындап шықты.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Динара Оразовна Сатыбалдиеваның «Жобалар портфелін басқаруда көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесін әзірлеу әдістерін жетілдіру» тақырыбында жазған диссертациялық жұмысы 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ
«Логистика» кафедрасының меңгерушісі,
қауымдастырылған профессор, тілші

Г.С.Муханова

